

**«8D03203 – Халықаралық журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
Муса Назерке Молжанқызының «Этносаралық ортадағы әлеуметтік қактығыстардың БАҚ-тағы көрінісі: Қазақстандағы мысал  
негізінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына реєсми**

### **РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұскаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылым мен мемлекеттік бағдарламалардың білім беру, бұқаралық ақпарат куралдары, мәдениет және ақпарат салаларындағы басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының келесі</p>

**3) диссертация Қазақстан Республикасының  
Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-  
техникалық комиссия бекіткен ғылым  
дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын  
көрсету) келеді.**

мемлекеттік бағдарламаларына  
сәйкес орындалған:

- Қазақстан Республикасында 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 19 маусымдағы №93-ВIII Қаулысы);
- Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы Жарлығымен бекітілген);
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2025–2027 жылдарға арналған «Мәдениет және ақпарат саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» бағдарламасы (2025 жылғы 10 қаңтар);
- Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 1014 Жарлығы);

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <b>елеулі үлесін қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Бұл зерттеу Қазақстандағы этносаралық қатынастарды медиадағы репрезентациясы арқылы саралау арқылы қоғамдағы әлеуметтік қақтығыстардың табиғатын тереңірек түсінуге бағытталған. БАҚ-та этносаралық мәселелер қалай көрініс табады, қандай риторика мен фреймдер қолданылады – осы сұрақтар жұмыс өзегіне айналған. Зерттеу такырыбы еліміздегі этносаралық тұрақтылықты сақтау, қоғамдық көлісімді нығайту, ақпараттық саясатты дұрыс бағыттау сынды өзекті міндеттермен тығыз байланысты. БАҚ — қоғамдық пікірді қалыптастыруши негізгі күралдардың бірі ретінде этносаралық мәселелерді қандай турде ұсынып отырганы – қоғам үшін маңызды. Автор медиаконтенттегі қақтығыс жағдайларын талдай отырып, ақпарат күралдарының этносаралық қатынастарды сипаттаудагы роліне назар аударады. Зерттеу барысында медиа арқылы таралатын кейір мазмұн түрлерінің қоғамдық санада қалыптасқан стереотиптерді нығайтуы немесе, керісінше, этностар арасындағы өзара</p>
----	------------------------	---	---

түсіністік пен келісімге ықпал ету мүмкіндіктері ашып көрсетіледі. Бұл диссертация медианың қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі әлеуетін саралап, оның әлеуметтік жауапкершілігін жан-жақты талдайды. Жұмыстың практикалық маңызы — этносаралық тақырыптарда жұмыс істейтін журналистерге, медиа сарапшыларға, әлеуметтанушыларға арналған накты ұсыныстар мен талдау құралдарын ұсынуында. Сонымен қатар, бұл зерттеу акпараттық саладағы этикалық стандарттарды жетілдіруге және медиа сауаттылықты арттыруға ықпал ете алады.

3. Өзі жазу принципі

Өзі жазу деңгейі:

- 1) **жогары;**
- 2) орташа;
- 3) төмен;
- 4) өзі жазбаган.

Диссертациялық жұмыс — автордың өзіндік ғылыми ізденісінің иәтижесі. Жұмыстың мазмұнында зерттеліп отырған мәселеге қатысты авторлық ұстаным мен ғылыми көзқарас айқын көрінеді. Алынған деректерге сапалық талдау жасалып, иәтижелерге автор өз тұжырымдарын ұсынады. Сонымен қатар, зерттеу иәтижелері отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған төрт мақалада көрініс тапқан. Бұл

			жарияланымдар зерттеу жұмысының ғылыми маңызын және автордың дербес зерттеуші ретінде қалыптасқанын нақты дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) <b><u>негізделген;</u></b></p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Зерттеудің өзектілігі күмән тудырмайды. Біріншіден, ол Қазақстандағы қоғамдық тұрактылық пен этносаралық қатынастардың дамуына қатысты ғылым мен мемлекеттің басым бағыттарымен үндес. Екіншіден, әлемдік медиатрендтерге сәйкес, әлеуметтік қактығыстарды талдау және олардың медиада бейнеленуін зерттеу азаматтық қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Үшіншіден, бұл жұмыс қазақстандық медиа кеңістікте этносаралық қактығыстарды көрсету тәжірибесін алғаш рет жүйелі түрде қарастыра отырып, отандық журналистикаға жаңа әдіснамалық және практикалық бағдар береді. Осы тұргыдан алғанда, бұл диссертациялық зерттеу әлеуметтік қактығыстарды медиада бейнелеу тәсілдерін жаңаша пайымдай отырып, олардың қоғамдық санаға әсер ету әлеуетін анықтайды. Зерттеу нәтижелері медианың жауапкершілігін арттырып, қактығыстарды</p>

болдырмау мен реттеуде маңызы  
құрал ретінде пайдаланылуы  
мүмкін.

4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын  
айқындайды:

1) айқындайды;

2) ішінара айқындайды;

3) айқындаамайды.

Диссертацияның мазмұны зерттеу  
тақырыбының негізгі аспектілерін  
толық қамтиды. Жұмыс үш  
бөлімнен тұрады. Әрбір бөлім  
тақырыппен логикалық әрі  
композициялық түрғыда тығыз  
байланыста күрілген, әлеуметтік  
қақтығыстардың медиа кеңістіктеге  
корініс табуын әртүрлі қырынан  
талдайды. Зерттеу барысында  
медиадағы этносаралық  
шиеленістердің берілу  
ерекшеліктері, олардың қоғамдық  
сана мен әлеуметтік катынастарға  
әсері жан-жақты қарастырылады.  
Бұл диссертация қазақстандық  
журналистикадағы курделі  
әлеуметтік тақырыптарды ашуадағы  
тәсілдерді сараптай отырып,  
цифрлық және дағестурлі медиадағы  
репрезентация формаларын нақты  
мысалдармен ашады. Осы арқылы  
жұмыс қазіргі заманғы  
медиажурналистиканың курделі  
қоғамдық құбылыстарды  
түсіндірудегі мүмкіндіктері мен  
шектеулерін айқындайды.  
Жұмыстың алғашқы бөлімінде  
әлеуметтік қақтығыстарды

зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері зерделеніп, қактығыстардың табигаты, күрылымдық элементтері мен атқаратын қызметтері жүйелі турде сипатталады. Бұл бөлімде автор қактығыстарды зерттеудің пәнаралық қырларын қарастырып, олардың медиада көрініс табу ерекшеліктеріне тоқталады. Зерттеудің екінші бөлімінде журналистиканың кәсіби-этикалық аспектілері алдыңғы орынға шығады. Қоғамда шиеленіс тудыруы мүмкін тақырыптарды жариялау барысындағы тілшінің жауапкершілігі, ақпаратты ұсыну әдістері және сезімтал контентпен жұмыс істеудің кәсіби қағидаттары көнінен талданады. Сондай-ак, тәжірибелі журналистермен жүргізілген сұхбаттар негізінде медианың әлеуметтік жауапкершілігі мен азаматтық қоғамдағы роліне қатысты кәсіби ұстанымдар сараланады. Үшінші бөлім эмпирикалық зерттеуге арналып, отандық онлайн басылымдар мен Telegram платформаларындағы контентке мазмұндық талдау жүргізіледі. Сонымен қатар, "Қанды Қантар" оқигаларына қатысты жарияланған

		материалдардың Қазақстан, Ресей және Ұлыбритания медиа кеңістігіндегі көріністері фреймдік талдау әдісімен салыстырмалы түрде зерттеліп, әртүрлі медиа мектептердің ұстанымдары мен ақпарат беру тәсілдері талқыланады.
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеу өзегіне алғынган мәселені шешуге бағытталған мақсат айқын әрі нақты корсетілген. Автор қазақстандық медиада әлеуметтік қақтығыстардың жариялану ерекшеліктерін кешенді түрде талдауды көздейді. Бұл мақсат диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Жұмыста журналистердің ақпарат көздерін, алу, тарату ерекшеліктері, мәліметті тарату формалары және журналист жұмысының этикалық аспекттері жан-жақты қарастырылған.	
1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Міндеттердің барлығы қойылған мақсатпен тығыз байланысты және қазақстандық БАҚ-тың әлеуметтік қақтығыстардың кәсіби, этикалық және әдістемелік түрғыдан зерттеуге бағытталған.	
4.4. Диссертацияның барлық болімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертация мазмұны логикалық түрғыдан ойластырылған және зерттеу кезеңдерінің бірізділігі нақты сакталған. Материалды баяндау барысында әр бөлім өзара	
1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.		

байланысып, зерттеу үдерісінің ішкі күрылымына ықпал етеді. Мақсат пен міндеттердің нақтылығы, ғылыми болжамның қисынды күрылуы және інтижелердің тұжырымдармен сабактасуы – жұмыстың әдістемелік деңгейін арттырып отыр. Әр бөлім алдынғы тарауды терендеп, такырыпты жана қырынан ашуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік қақтығыстардың қазақстандық медиадагы корінісі, сонын ішінде этносаралық мазмұндағы презентациясы біртіндеп ашылып, тұтас ғылыми жүйе қалыптасады. Автор жасаған тұжырымдар жұмыстың жалпы күрылымымен тығыз байланысып, зерттеудің мазмұндық толықтығын қамтамасыз етеді.

4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:

1) **сыни талдау бар;**

2) талдау ішінara жүргізілген;

3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;

4) талдау жок.

Зерттеу жұмысында қолданылған әдіснамалық тәсілдер жаңашылдығымен ерекшеленіп, әлеуметтік қақтығыстарды медиа кеңістікте зерделеудің өзекті жолдарын ұсынған. Автор бұқаралық ақпарат қуралдарында, әсіресе этносаралық сипаттагы шиеленістерді жариялау тәжірибесіне байланысты түрлі әдістерді саралап, олардың тиімділігі мен шектеулеріне талдау

жасаған. Бұл тәсілдер бұрынғы зерттеулермен салыстырыла отырып бағаланып, теориялық жағынан дәйекті негізделген. Автор әлеуметтік қақтығыстарды жарияладың түрлі қырларын саралап, оларды талдаудың жаңакты әрі пәнаралық негізін қалағы. Зерттеу аясында ұсынылған әдістемелік тәсілдер қазіргі медиатәжірибеде қолдануға қолайлы, әрі олар болашакта осы салада жүргізілетін зерттеулердің әдіснамалық базасын көзейтуге ықпал етеді алады.

5.

Ғылыми жаңашылдық принципі

5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?

1) толығымен жаңа;2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);

3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).

Н.М. Мусаның диссертациялық зерттеуіне жүргізілген талдау оның негізгі ғылыми тұжырымдары мен нәтижелері жаңашылдығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленетінін көрсетті. Жұмыста ұсынылған нәтижелердің әрқайсысы отандық ғылыми дискурсқа өз үлесін қосады:

**1-нәтиже.** Автор әлеуметтік қақтығыстардың жіктемесін жаңаша ұсынды. Бұл талдау бұрынғы типологияларға сүйене отырып, жаңа тәсілмен жүйеленген. Сондықтан нәтиже **жартылай жаңалық** ретінде бағаланады.

Зерттеуші қазіргі әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, қактығыстардың түрлерін саралауда тың көзқарас ұсынган.

**2-нәтиже.** Журналистердің ақпарат көздерін тандау логикасы, олардың сенімділігі мен кәсіби стандарттарға сәйкестігіне жүргізілген күрылымдық талдау алғаш рет отандық медианы эмпирикалық база ретінде алып, кешенді турде жүзеге асырылды. Бұл **толықтай жаңа нәтиже** болыш саналады және журналистиканы кәсіби деңгейде талдауға айтарлықтай үлес қосады.

**3-нәтиже.** Қактығыстарды жариялау барысында журналистік этика нормалары мен ақпарат тенгерімін сақтау мәселелері жан-жакты қарастырылған. Бұл бағыттағы зерттеу отандық медиада алғаш рет гылыми турде негізделіп отыр, сондықтан **толық жаңа** әрі гылыми-практикалық құндылығы жоғары деп бағаланады.

**4-нәтиже.** Акпаратты жеткізуде қолданылатын мультимедиалық тәсілдер мен онлайн платформалардың рөлі талданады. Бұған дейінгі зерттеулерде онлайн медиа контекстіндегі

журналистердің рөлі толықанды қарастырылмағандықтан бұл нәтижені де **толық жаңа** деп тануға болады.

**5-нәтиже.** Қазақстанның журналистермен жүргізілген терең сұхбаттар негізінде әлеуметтік қақтығыстарды жариялау тәжірибесіне катысты маңызды байқаулар мен практикалық қорытындылар жасалды. Бұл зерттеу отандық медиа саласына нақты тәжірибелік бағыт береді және **толық жаңа** нәтижеге жатады.

**6-нәтиже.** Қазақстан медиасында әлеуметтік қақтығыстардың берілу ерекшеліктері, медиа-дискурста қолданылатын тәсілдер және қоғамның оларды қабылдау үдерісі арасындағы байланыс анықталды. Автор алдыңғы зерттеулерді негізге ала отырыш, қазіргі медиакенестіктің шынайы жағдайын терең талдаған. Бұл нәтиже **жартылай жаңалық** ретінде бағаланғанымен, гылыми маңызы зор.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?

1) **толығымен жаңа;**

2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);**

Зерттеу жұмысының нәтижелері гылымға тың серпін беретін жаңалықтармен ерекшеленеді.

	<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Қазақстандық медиа кеңістікте әлеуметтік қақтығыстардың қалай жарияланатыны алғаш рет кең ауқымда, кешенді және жүйелі түрде сарапқа салынды. Бұл мәселені зерттеу барысында журналистердің ақпаратты ұсынуда қандай дереккөздерге сүйенетіні, қолданатын баяндау тәсілдері, мәлімет беру үлгілері мен олардың қоғамға ықпалы нақты мысалдар негізінде жан-жақты қарастырылды. Жұмыста қақтығыстарды БАҚ-та көрініс табу, ақпараттың сенімділік деңгейі, журналистік этика, сондай-ақ, өзіндік цензура секілді маңызды аспектілер теориялық тұрғыдан да, практикалық жағынан да терең зерттелген. Автордың ұсынған ғылыми пайымдаулары мен әдістемелік тәсілдері қазіргі ақпарат кеңістігінің ерекшеліктерін ұғынуға, сондай-ақ қақтығыс жағдайларын көсіби және бейтарап тұрғыда жариялау стандарттарын жетілдіруге мүмкіндік береді.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жана;</b>            2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);            3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған технологиялық және әдістемелік шешімдер қазіргі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістермен тығыз байланысты және зерттеу тақырыбының өзектілігін айқын</p>

көрсетеді. Автор ұсынған әдістер – ақпарат көздерін іріктеу, қактығыстарды жариялаудағы кәсіби-этикалық қагидаларды сақтау, сондай-ақ журналистік амалтәсілдерді қолдану – бүгінгі ақпараттық кеңістіктегі медианың даму бағытына толыктай сай келеді. Бұл тәсілдер теориялық жағынан негізделіп, практикалық қолдануга да бейімделген. Нәтижесінде, зерттеу ұсынып отырған ұстанымдар мен құралдар журналистерге курделі әлеуметтік жағдайларды сауатты әрі бейтарап түрде жеткізуге, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарына деген қогам сенімін ныгайтуға жол ашады.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу барысында алынған қорытындылар терең ғылыми талдауга негізделіп, дәйекті әрі нақты дәлелдермен бекітілген. Автор бұл тұжырымдарға өз бетінше жүргізген ғылыми ізденістерінің нәтижесінде қол жеткізді. Жұмыс барысында сенімді дереккөздер кең көлемде қамтылып, қазақстандық және шетелдік ғылыми субектер, медиальлық материалдар (мақалалар, жаңалықтар, сұхбаттар), сондай-ақ
----	-------------------------------------	---	---

тәжірибелі журналистермен жүргізілген терендетілген сұхбаттар пайдаланылды. Сонымен бірге, сапалық зерттеу әдістері – контент-талдау, дискурстық талдау және интервью әдістері – тиімді қолданылып, жиналған ақпараттар жан-жакты әрі жүйелі турде сараланды. Осындай тәсілдердің үйлесімі зерттеу нәтижелерінің гылыми құндылығын арттырып, олардың практикалық маңызын да айқын көрсетті.

7.	<p>Корғауға шыгарылған негізгі ережелер</p> <p>Өрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u>            2) шамамен дәлелденді;            3) шамамен дәлелденбеді;            4) дәлелденбеді;            5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;            2) <u>жок;</u>            3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә;</u>            2) жок;            3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Бірінші тұжырым бойынша, Қазақстандық журналистикада қақтығыс тақырыбын жариялау кезінде журналистер өзін-өзі шектеуге мәжбүр болады. Бұл құбылыс көбінесе редакциялық саясаттың қатаандығы мен ішкі цензураның ықпалынан туындаиды. Мұндай жағдайлар ақпаратты бейтарап әрі толық жеткізуге кедергі келтіреді және журналистік еркіндікке нұксан келтіреді. Диссертациялық зерттеу бұл мәселені нақты мысалдар негізінде ашып көрсетіп, оның медиа тәжірибедегі көріністерін жүйелі турде талдады. Аталған тұжырым:</p>

7.4 Қолдану деңгейі:

1) тар;

2) орташа;

3) **кен**

4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.

7.5 Макалада дәлелденген бе?

1) **иә;**

2) жоқ

3) бұл тұжырымда макаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

- Гылыми тұрғыда негізделген және нақты дәлелдермен куатталған;
- Тривиалды емес, яғни бұрын аз зерттелген мәселені камтиды;
- Жаңа гылыми бағыттармен үндесіп жатқан тың козқарасты білдіреді;
- Журналистік тәжірибеде кеңінен қолдануға болатын нәтижелерге негізделген;
- Зерттеу барысында жазылған гылыми макалада жан-жақты дәлелденген.

Екінші тұжырым бойынша, мемлекеттік және тәуелсіз бұқаралық акпарат күралдары қақтығыстарды жариялауда әртүрлі форматтар мен тәсілдерге жүргінеді. Бұл айырмашылықтар олардың редакциялық ұстанымдары мен акпаратты ұсыну стилінен байқалады. Зерттеу барысында аталған ерекшеліктер нақты мысалдармен салыстырмалы түрде сараланып, олардың акпарат мазмұнына және қоғамдық пікірге әсері анықталды.

Аталған тұжырым:

- Ғылыми түрде дәлелденген және нақты зерттеу нәтижелерімен негізделген;
- Күн тәртібінде жиі айтылмаған, маңызды әрі өзекті мәселені көтереді;
- Жаңа мазмұндағы талдау ретінде ерекшеленеді;
- Журналистиканың теориялық және практикалық салаларында кеңінен қолдануға болады;
- Ғылыми макалада зерттеу нәтижелерімен бірге теренірек қарастырылған.

Ушінші тұжырым бойынша, әлеуметтік қақтығыстарды тиімді шешудің бір жолы – БАҚ-тың бұл мәселелерге жауапкершілікпен қарауы, ашықтық пен кәсіби этикалық нормаларды ұстануы. Журналистер қақтығыс тақырыптарын жариялағанда бейтараптықты сақтап, арандатуға жол бермей, когамда конструктивті диалог орнатуға ықпал етуі қажет. Зерттеу бұл ұстанымдардың маңыздылығын теориялық және практикалық түргыдан негізdep, нақты ұсыныстар ұсынды.

Аталған тұжырым:

- Гылыми негізделген және зерттеу барысында дәйекті дәлелдермен расталған;
- Бұрын жеткілікті деңгейде зерттелмеген маңызды мәселеге назар аударады;
- Медиа мен қоғам арасындағы жауапкершілік байланысын жаңа қырынан ашады;
- БАҚ тәжірибесінде қолдануға ынғайлыш, практикалық мәні жоғары;
- Зерттеу нәтижелері тиісті ғылыми мақалада талданып, дәлелденген.

8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Өдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>иә;</u> 2) жок.
		Zерттеудің әдіснамалық негізі кешенді әрі терең сипатка ие. Зерттеу шенберінде медиамәтіндерді сапалық талдау, қазақстандық бұкаралық аппарат куралдарындағы жарияланымдарға контент-талдау жүргізу және кәсіби журналистермен терендестілген сұхбаттар откізу сынды бірнеше әдіс қолданылды. Автор зерттеу объектісінің күрделілігіне сай осы әдістерді тандаудың қисынды екенін дәлелдейді. Қактығыстардың медиадағы көрінісін жан-жақты зерттеу үшін тек мәтіннің мазмұнын талдау жеткіліксіз, сонымен қатар аппараттың қалай өндірілетіні,

		<p>редакциялық ұстанымдар мен журналистік шектеулер екілді контекстуал факторларды да ескеру қажет екені көрсетілген. Теориялық база ретінде медиа, коммуникация және қақтығыстану салаларындағы отандық және шетелдік галымдардың сибектері алынған. Осылайша, таңдалған әдіснама зерттеу мақсаттарына толықтай сәйкес келеді және оның ғылыми құндылығын арттырады.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндіре және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә;</u></p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеудің әдіснамалық және теориялық базасы әртүрлі ақпарат көздеріне – қазақстандық ақпарат агенттіктерінің, шетелдік медиа үйымдардың және әлеуметтік желілерде тараған контентке сүйенеді. Жиналған материалдарға сапалық әрі сандық тұргыда контент-талдау жүргізілді. Бұл талдау барысында медиамәтіннің күрілымы мен мазмұнын ашу үшін фрейм-талдау әдісі қолданылды, сондай-ақ қақтығыстану теорияларының негізгі қагидалары басшылыққа алынды. Сонымен катар, зерттеу журналистермен өткізілген терендептілген сұхбаттар арқылы толықтырылды. Бұл сұхбаттар медиаконтенттің ішкі өндіріс процестері мен журналистік</p>

		тәжірибелерге терең үнілуге мүмкіндік беріп, алынған деректерді жүйелеуге және тұжырымдарды нақтылауға негіз болды.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу барысында медиадағы әлеуметтік қақтығыстарды көрсетуге байланысты бірқатар өзекті теориялық тұжырымдар қалыптасты. Автор фреймдік талдау мен қақтығыстану теориялары арқылы медиа мәтіндерді зерттеудің әдістемелік негізін ұсынып, қақтығыс тақырыбын журналистер қалай көтеретінін, жазатынын саралады. Атап айтқанда, редакциялық саясаттың ерекшеліктері, ішкі кәсіби шектеулер мен журналистің өзінен-өзі цензура жасау секілді факторлар егжей-тегжейлі қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде бұқаралық акпарат қуралдарында әлеуметтік қақтығыстарды бейнелеудің әртүрлі үлгілері жүйеленді. Осы тұжырымдар автор дайындаған ғылыми мақалаларда көрініс талты және журналистерге арналған практикалық қурал ретінде әдістемелік нұсқаулықта қолданылды.
	1) <u>иә;</u> 2) жок.	

	8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді гылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінәра расталған / расталмаған.	Докторант жұмысы қазіргі заманғы гылими әдебиеттер – монографиялар, гылими мақалалар, диссертацияларға негізделген. Барлық дереккөздер нақты аталып, дәйексөздер дәл әрі орынды қолданылған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b> .	Зерттеуде қолданылған гылыми әдебиеттер зерттеліп отырған тақырып бойынша жан-жақты әдеби шолу жасауга мүмкіндік береді. Диссертация авторы отандық және халықаралық зерттеушілердің жұмыстарын терең талдап, оларды сынни түрғыдан бағалаган. Бұл тәсіл зерттеу тақырыбына қатысты толық ақпарат жинақтап, жаңа гылыми корытындыларға жетуге ықпал етеді.
9	<p>Практикалық құндылық қағидаты</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <b>бар;</b></p> <p>2) жоқ.</p>	Зерттеудің практикалық маңыздылығы қазіргі медиаjournalистика мен коммуникация саласындағы кәсіби тәжірибеге нақты үлес қосуымен айқындалады. Диссертациялық жұмыс нәтижелері медиа мамандары үшін әлеуметтік қақтығыстарды жариялау кезінде ақпарат көздерін тиімді пайдалану, мультимедиалық элементтерді үйлесімді қолдану және этикалық стандарттарды сактау бойынша

практикалық ұсынымдар беруге мүмкіндік береді. Мультимедиалық контентті қолдану арқылы қақтығыстарды жазу үлгілері медиасала мамандарына ақпараттық контентті көсіби деңгейде жеткізу тәсілдерін жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, қазақстандық және шетелдік медианың салыстырмалы талдауына сүйенген тәсілдер журналистикада нарратив құрудың заманауи формаларын түсінуге көмектеседі. Зерттеу нәтижелері журналистика факультеттерінде оқытылатын пәндер мазмұнын жаңғыртуға, сонымен қатар медиа саласындағы оқыту курсары мен тренингтер багдарламаларын жетілдіруге қолдануға болады.

9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:

- 1) иә;
- 2) жоқ.

Диссертациялық зерттеу практикалық тұрғыдан үлкен маңызға ие, себебі оның нәтижелерін журналистика, масс-медиа және интернет журналистикасы салаларындағы окукурстарына енгізу мүмкіндігі жоғары. Бұл зерттеу білім беру процесінде пәнаралық әдістәсілдерді дамытуға ықпал етіп, әдістемелік семинарлар, арнайы курсар дайындау және журналистік

			практика барысында тиімді қолданылуы ықтимал.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?		
	1) <u>толығымен жана;</u>		Диссертацияда ұсынылған практикалық тұжырымдар мен ұсыныстар жаңа әрі өзекті. Зерттеу барысында әзірленген журналистерге арналған нұсқаулық оку курстарында тиімді түрде пайдалануға болатын құрал ретінде ұсынылады.
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);		
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).		
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы ғылыми стильдің талаптарына толық сәйкес келеді. Автор ғылыми ұғымдық-терминологиялық аппаратты еркін менгерген, бұл зерттеудің негізгі тұжырымдарын дәл әрі сауатты жеткізуге мүмкіндік береді. Ғылыми дәлелдеу, логикалық жүйелілік, аргументация сияқты тәсілдерді автор орынды және тиімді колданған. Жұмыс мәтіні жақсы күрылымдалған әрі дәлелдерге негізделген. Фактілердегі қателер мен магынаның бүрмалануы кездескен жок. Дәйексөздер мен сілтемелерді рәсімдеу академиялық жазу талаптарына сай орындалған.
11.	Диссертацияга ескертулер		Муса Назерке Молжанқызының «Этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстардың БАҚ-тағы көрінісі:

Қазақстандағы мысал негізінде» атты диссертациялық жұмысы ғылыми-теориялық және әдістемелік жағынан жоғары деңгейде орындалған. Алайда бірката ескертулер мен

ұсыныстарды атап өткен жөн:

– Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы нақты нәтижелермен дәлелденген. Әлеуметтік желілердің, әсіресе Telegram арналардың рөлі нақты әрі айқын көрсетілген. Алайда, егер Telegram-нан болек өзге де әлеуметтік желілердегі қақтығыстарға талдау жасалып, олардың көрініс табуы қарастырылғанда, зерттеудің ғылыми құндылығы одан әрі артқан болар еді.

– Болашакта әдеби шолу аясын кеңейтіп, тәуелсіз дереккөздерге басымдық берілсе, зерттеудің әдіснамалық деңгейі жоғарылай түсер еді. Аталған ескертулерге қарамастан, диссертациялық жұмыс теориялық және ғылыми-практикалық маңыздылығы түргышынан құнды болып табылады және «8D03203 –Халықаралық журналистика»

			мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алу талаптарына толықтай сай келеді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша эр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары түрлі ғылыми басылымдарда және халықаралық конференция материалдарында жарияланып, кәсіби ортада талқыланған. Атап айтқанда, КР БФМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізіміне кіретін журналдарда – 3 мақала, халықаралық конференциялар жинақтарында – 3 мақала, сондай-ақ Scopus деректер базасына енген шетелдік ғылыми журналда – 1 мақала жарық көрген. Бұл жарияланымдарда диссертацияның басты идеялары мен нәтижелері сараланып, ғылыми қауымдастық назарына ұсынылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженін 28-тармағына сәйкес)		«8D03203 – Халықаралық журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Муса Назерке Молжанқызының «Этносаралық ортадағы әлеуметтік қактығыстардың БАҚ-тагы корінісі: Қазақстандағы мысал негізінде» тақырыбындагы диссертациялық жұмысымен таныса отырып,

зерттеудің өзектілігі жоғары екені және ғылыми түрғыдан жүйелі түрде орындалғаны анық байқалады. Автор өз алдына қойған мақсатты нақтыладап, зерттеу міндеттерін сәтті жүзеге асырған. Жұмыстагы теориялық және практикалық тұжырымдар тиянақты негізделген. Ғылыми жаңалығы мен мазмұны диссертациялық зерттеу талаптарына толық сәйкес келеді. Осы негізде, аталған жұмыс PhD дәрежесін иеленуге әбден лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма мүшесі - ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, (Ph.D) философия докторы

(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

(қолы)

Ж.Б. Есенбек

(Аты-жөні)

